

FTAXP 10.71.61
 ЭОЖ 347.965
 JEL K39

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-341-353>

ІЗТҰРҒАНОВА Г.Қ.,*¹

докторант.

*e-mail: 24250993@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-0170-5079

АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,¹

з.ғ.к., доцент, профессор-ізденуші.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ТОЙЛЫБЕКОВА Э.О.,²

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

ҚАСЫМБЕК Ә.О.,³

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: aliyakas@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7169-874X

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Қорқыт Ата ат. Қызылорда университеті,

Қызылорда қ., Қазақстан

³Х.А. Ясауи ат.

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ КӘСІБИ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қылмыстық іс жүргізу аясын цифрландыру жағдайында қорғаушы тараптың кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету заманауи құқық ғылымының ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қылмыстық процестің электрондық нысанда жүргізілуі адвокаттық қызметті жеделдеткенімен, қорғаушыларды жаңа сипаттағы кәсіби тәуекелдер мен киберқауіптерге алып келді. Зерттеудің мақсаты – «Е-Заң көмегі» ақпараттық жүйесін қолдану барысында және қылмыстық қудалау органдарымен электрондық өзара іс-қимыл жасау кезінде адвокаттық қызметтің кәсіби қауіпсіздігін құқықтық әрі ұйымдастырушылық тұрғыдан қорғау тетіктерін айқындау. Авторлар қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сотта қарау кезеңдерінде адвокаттық құпияны сақтау, айыпталушылардың (күдіктілердің) дербес деректерін қорғау және электрондық дәлелдемелермен жұмыс істеу кезіндегі ақпараттық қауіпсіздікті күшейту мәселелерін мазмұнды түрде талқылайды. Осы тұста қылмыстық процеске қатысушы құқық қорғау органдары мен адвокатура арасындағы цифрлық коммуникацияның қауіпсіздік стандарттарын қалыптастыру қажеттілігі негізделген. Зерттеу барысында қылмыстық істер бойынша электрондық ордер жүйесін жетілдіру, адвокаттық сауалдарға цифрлық нысанда жауап алу қауіпсіздігін арттыру, сонымен қатар қорғаушылардың киберсауаттылығын және цифрлық дағдыларын дамыту маңыздылығы дәлелденді. Жұмыстың маңыздылығы қылмыстық процесте электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде туындайтын құқықтық қайшылықтарды жою және адвокаттың кәсіби қызметіне сырттан қолсұғушылық әрекеттерді болдырмау ұсыныстарымен айқындалады. Зерттеу нәтижесінде авторлар қылмыстық іс жүргізуде адвокаттардың электрондық құралдарды қауіпсіз пайдалануы бойынша бірыңғай нұсқаулық әзірлеуді, адвокат пен қорғауындағы тұлға арасындағы құпиялылықты техникалық қорғау шараларын бекітуді және электрондық ордерлердің пайдаланылуын қатаң бақылауды ұсынады.

Тірек сөздер: адвокаттық қызметті цифрландыру, адвокаттық қызметті ақпараттандыру, адвокаттық қызметті жүйелендіру, адвокаттық қызметті жеделдету, адвокаттардың киберсауаттылығы, адвокаттық қызметтің қауіпсіздігі, адвокаттық құпияны сақтау.

Кіріспе

Цифрландыру жағдайында елімізде жасанды интеллектті дамытуға ерекше назар аударылып, цифрлық трансформацияға нық қадам басуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоғары сапалы деректер мен қорғауға басымдық бере отырып, сенімді цифрлық экожүйені құру қажеттігін, мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда жасанды интеллект жүйесін енгізуді жеделдетуді тапсырған болатын.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары заң саласы үшін де ерекше маңызға ие болды. Жасанды интеллектті дамыту заңгерлерге жұмысын оңтайландыруға, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, талдау сапасын жақсартуға және сот шешімдерін болжауға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, жасанды интеллектті пайдалану адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, деректердің құпиялылығына және барабар нормативтік базаны әзірлеу қажеттілігіне байланысты күрделі қиындықтармен бірге жүреді.

Бүгінгі күні санды трансформацияның және сандық технологияларды реттеудің тұжырымдамалық және құқықтық негіздері заңдарда, Президентінің Жарлықтарында, Үкіметтің қаулыларында көрініс алады.

Қазақстандық адвокатура да сандық трансформациядан қалыс қалған жоқ. 2022 ж. Жаңа Қазақстанның жаңа адвокатурасының даму тұжырымдамасында адвокатураны толығымен цифрландыру қажеттілігі айтылады [1]. Сонымен қатар, 2024 ж. Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жж. арналған тұжырымдамасы бекітілді [2]. 2025 ж. «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [3]. Бұл аталған құжаттардың барлығы электрондық қылмыстық сот ісін жүргізуге көшудің маңыздылығын арттырады сөзсіз.

ҚР Президентінің өткен жылдың 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына соңғы Жолдауына жасанды интеллект дәуіріндегі өзекті мәселелерді түбегейлі сандық трансформациялау арқылы шешуге бағытталған. Мемлекет басшысы «жасанды интеллекттің қарқынды дамуы бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек» деп мәлімдеді. Еліміздің қарқынды дамуы үшін Президент Қазақстанның үш жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналуының стратегиялық маңыздылығын да атап өткен болатын [4].

Қазақстан Республикасындағы заманауи құқықтық тәжірибе жаһандық цифрландыру үрдістеріне бейімделу қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Интеллектті енгізу құқықтық жүйенің стратегиялық дамуының құрамдас элементіне айналуға, оны пайдалануға, реттеуге және бақылауға кешенді көзқарасты талап етеді.

Қазақстанның сандық нысанды трансформациялаудағы жетістіктерін айта кеткен дұрыс. 2024 ж. қыркүйекте электрондық Үкіметтің жаһандық даму рейтингінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) бақылауындағы 193 елдің ішінде 24-орнына орналасты [5]. Осыған орай мәлімдеме жасаған Жоғарғы сот төрағасының айтуынша, бұған өз үлесін қазақстандық сот жүйесі де қосты, Қазақстан «электрондыдан» «цифрлық» сот төрелігіне көшті. Өйткені 2020 жылдан бастап БҰҰ-мен сот төрелігі секторымен байланыстағы электрондық қызметтер де бақылауға алынады. Бастапқыда соттың шешімдері электрондық үлгіде шығарылды, артынша барлық сот істері толығымен электронды форматта жүргізілетін болды. Бұл өз кезегінде іс жүргізуді жеделдетіп қана қоймай, оларды ашық және қолжетімді етуге мүмкіндік берді. Жұртшылық үшін ойластырылған соттарға кіруге арналған бірыңғай электрондық терезе арқылы қазір 95% жуық өтініштер жіберіледі, жасанды интеллект элементтерін, соның ішінде машиналық оқыту, мәтін өндіру және роботтандыру технологияларын пайдалана отырып, судьялардың «цифрлық көмекшілерін» енгізілді, сот залдары аудио және бейнетіркеу жүйелерімен жабдықталған [6].

Oxford Insights халықаралық талдау орталығы жариялаған «Government AI Readiness Index 2025» рейтингіне назар аударсақ, Қазақстан әлемнің 195 мемлекеті арасында 60-орынға ие болып, бір жыл ішінде бірден 16 позицияға жоғарылады. Еске сала кетсек, 2024 жылдың рейтингінде Қазақстан 76-орынды иеленген еді [7]. 2025 жылдың 2 ақпандағы мәліметтерге сүйенсек, біздің мемлекетіміз цифрлық үкіметтік қызметтер бойынша әлемдегі алғашқы 10

елдің қатарына кірді [8]. Бұл дегеніміз Қазақстан келешекте цифрлық трансформацияның көшбасшыға айналмақ. Расында қазір қазақстандықтар мемлекеттік қызметтердің барлық түрлерін үйден не кеңседен шықпастан, соның ішінде заңды тұлғаларды, некені немесе тууды тіркеу, медициналық көмекті, анықтамаларды немесе құжаттарды алу, емханаға тіркелу, кезекке тұру, дәрігерге жазылу немесе оны үйге шақырту, айыпұлдарды, төлемақыларды, алымдарды немесе баждарды төлеу, заңды өтініштерді беру және сондай сияқты тағы да басқа негізгі қызметтерді онлайн режимінде қолданады.

Сонымен өздеріңіз байқағандай, Қазақстан ұлттық құқықтық жүйенің ауқымды сандық трансформациясын жүзеге асыруда. Заң қызметтерін көрсетуді жеңілдететін және оларды ашық әрі қолжетімді ететін IT-шешімдер енгізіліп, тиісті ақпаратқа қол жеткізу, қажетті сот актілерін алу, заң құжаттарын жинақтау, сондай-ақ, сот процесіне қатысуда, кәсіби адвокаттық көмек көрсету жағдайларында сандық технологияның маңызы артуда.

Осы тұста адвокаттық қызметте жасанды интеллектті пайдалану мәселелері бойынша Республикалық адвокаттар алқасының ұстанымына назар аударған жөн. Сонымен, Республикалық адвокаттар алқасының қорытындысына сәйкес, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы мен адвокаттардың кәсіби әдебі Кодексі адвокаттың міндеттері мен жасанды интеллектті қолдана отырып заң көмегін көрсетуге қойылатын келесі талаптарды толық қамтиды: құпиялылықты сақтау, біліктіліктің жоғары деңгейін сақтау, оны үнемі арттыру, түпнұсқалығын тексеру, сапаны бақылау, технологияларды пайдалану оқиғаларын анықтаудың қажеттілігі, кәсіби пікірдің тәуелсіздігі, оларды тек сенім білдірушінің мүддесі үшін пайдалану. Сондықтан қазір «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңға, адвокаттардың кәсіби әдебі кодексіне адвокатураның басқа да ішкі актілеріне жасанды интеллектті пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер енгізу қажеттілігі жоқ. Бұл қажеттілік тек «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енгеннен кейін адвокаттар қауымдастығы кәсіби әдептілік нормаларын оған сәйкестендіру мәселесін қарастыру барысында туындайды. Республикалық адвокаттар алқасының ұсыныстары бойынша, біріншіден, адвокат сенім білдірушінің келісімінсіз және оны қорғау кепілдігі болмаған жағдайларда жасанды интеллект жүйелерінде адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді беруге немесе өңдеуге жол бермеуге тиіс. Екіншіден, жасанды интеллект технологияларын қолдануына қарамастан, білікті заң көмегінің сапасы, дұрыстығы мен толықтығы және оладан туындаған салдарлар үшін адвокат өзі толық жауап беруге тиісті [9].

Цифрлық технологияларды енгізу ішкі рәсімдері мен іс қағаздарын басқаруды цифрландыру, жасанды интеллектті пайдалану, сот жүйесінде цифрлық шешімдерді қолдану, сот төрелігінің сапасын арттыру үшін үлкен деректерді талдау құралын реттеуге негізделген.

Цифрлық трансформация адвокатура саласында жаңа технологияларды енгізуді, заң қызметтерінің ауқымын кеңейтуді, кәсіби біліктілікті арттыруды, халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтиды. Адвокатура азаматтық қоғамның институты ретінде азаматтардың құқықтары мен мүдделерін кәсіби түрде қорғау үшін заңдылық, тәуелсіздік және адвокат-клиент артықшылығы қағидаттарын берік ұстана отырып, цифрлық дамуға бейімделуі тиіс.

Зерттеу тақырыбын таңдау соңғы жылдары Қазақстанда құқықтық жүйенің, соның ішінде адвокатура институтының жедел сандық трансформацияға ұшырауымен байланысты. Қоғамдық қатынастардың цифрлануы құқықтық көмектің жаңа форматтарын қалыптастырып, адвокаттық қызметтің мазмұнын өзгертуде. Тақырыптың өзектілігі цифрлық технологиялардың адвокаттық қызметке терең енуі нәтижесінде құқықтық реттеудің, адвокаттық құпияны қорғаудың және кәсіби стандарттардың жаңа талаптарға бейімделу қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу объектісі – қылмыстық процесте адвокаттық қызметтің қауіпсіздігін цифрландыру жағдайындағы құқықтық реттелуі, ал пәні – цифрлық технологиялардың адвокат қызметіне әсер ететін құқықтық және ұйымдастырушылық қатынастар.

Цифрландыру жағдайында қылмыстық процестегі адвокаттық қызметтің жүзеге асырылуы тек оның тиімділігі мен қолжетімділігін арттырумен шектелмей, сонымен қатар адвокаттың кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Бұл өз кезегінде ақпараттық қауіпсіздік, адвокаттық құпияны қорғау және цифрлық коммуникация құралдарын құқықтық реттеу мәселелерін өзекті етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жалпы және арнайы ғылыми әдістер қолданылды.

Атап айтатын болсақ, формальды-заңи әдіске жүгіну арқылы ізденушілер адвокаттық қызметті реттейтін қолданыстағы қазақстандық заңнаманы қарастырды және адам құқықтарын қорғау саласындағы сандық технологиялардың құқықтық реттелуінің ерекшеліктерін айқындады.

Жүйелі әдіс негізінде адвокатура институтын сандық трансформациялау технологиялық, құқықтық, ұйымдастырушылық қырларын қамтитын кешенді құбылыс ретінде танылды. Бұл әдіс адвокатураны цифрландыру нәтижесінде трансформацияға ұшыраған адвокаттық қызмет мазмұнының өзгерістерін көрсете білді.

Аналитикалық әдістің арқасында сандық технологиялардың құқықтық көмектің сапасына, адвокаттық құпиялық пен кәсіби мінез-құлық әдептілігін сақтауға әсер етуі бағаланды.

Бұлардан өзге зерттеу барысында зерттеушілер талдау мен синтез, байқау мен бақылау, салыстыру мен қарсы қою сияқты жалпыға танымал әдістер де қолданды.

Қорытындылай келе, аталған әдістерді дұрыс әрі тиімді қолдану зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсатқа жетуге, оның алдында тұрған міндеттерді шешуге, ғылыми нәтижелерді алуға, цифрландыру дәуіріндегі адвокат қызметінің трансформациялануына қатысты ұсыныстарды әзірлеуге үлкен септігін тигізді.

Зерттеудің материалдары болып нормативтік-құқықтық актілер, соның ішінде заңдар мен кодекстер, Президенттің жолдаулары, Үкіметтің қаулылары, тұжырымдамалар, Қазақстанның үздік елдер рейтингіндегі көрсеткіштері, сонымен қатар қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері, қазақстандық адвокатура институтының көзқарастары мен ұстанымдары табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Цифрлық кезең – бұл тұтас технологиялық дамудың бірнеше жекелеген уақытын қамтитын кезең болып табылады. 1980–1990 жж. шет мемлекеттерде интернет жеке «киберкеңістік» ретінде қарастырылды. Адам құқықтарын халықаралық қорғау жүйесінде әлеуметтік медиа және цифрлық аналитика стандартты тәжірибе ретінде саналды [10, 79 б.]. Инновациялық технологияларға, өнімдерге және процестерге тап болған заң мамандары технологиялық дәуірге бейімделуге мәжбүр болды. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда, сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз етуде цифрлық технологияның жүйелі мүмкіндіктері мен әлеуеті зор [11, 9 б.].

Қылмыстық процесті цифрландыру жағдайында адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы ретіндегі кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Бұл аспект құпия ақпаратты қорғауды ғана емес, сонымен қатар адвокаттық қызметтің цифрлық қауіп-қатерлерге тұрақтылығын, сондай-ақ қорғау функциясын тәуелсіз жүзеге асыруға кепілдік беруді қамтиды.

Адвокаттық реформа кез-келген қоғамдық реформа процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адвокаттық қызметтің болашағы адвокаттардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тәуелсіз қорғаушылар ретінде әрекет ететін, сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ететін құқықтық жүйенің дамуымен байланысты.

Цифрландыру дәуірінде инновациялық заңгерлік-технологиялық компаниялар заңгерлік қызмет көрсетушілер нарығына енді. Технологиялық индустрияның дамуымен құқықтық сараптама, келісімшарттарды қарау, құқықтық зерттеулер, электронды болжау технологиялары, сондай-ақ клиенттерге негізделген портал және құжаттар сияқты құралдар цифрландырылды [12].

Қазіргі кезде бірегей IT-өнімдері яғни «Төрелік 2.0» АЖ, «Сот практикасы» талдамалық модулі, «Е-Заң көмегі» бірыңғай ақпараттық жүйесі, азаматтық істің нәтижесін болжау үшін, сот актілерін деперсонализациялау, сөзді мәтінге автоматты түрде өзгерту үшін, отырыс барысында мәтінді визуализациялауға арналған модуль негізінде сервистер белсенді әзірленуде және енгізілуде. Бұл цифрлық жүйелер адвокаттың кәсіби қызметін жеңілдеткенімен, оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды күшейтеді. Себебі адвокаттың

электрондық деректерге қол жеткізуі және оларды пайдалану үдерісі тиісті құқықтық және техникалық қорғау тетіктерін талап етеді.

Коммуникациялық зерттеулерде адвокатура «қоғамдық пікірде өзгеріс жасау және мәселені, саясатты немесе сайлау округін қолдау үшін қажетті ресурстар мен күштерді жұмылдыру үшін пайдаланылатын дағдылар жиынтығы» деп ретінде анықталған [13].

Елімізде адам және азаматтың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз етудің конституциялық кепілі Конституцияның негізі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі [14]. Адвокатура азаматтық қоғамның маңызды институттарының бірі болып табылады. Бұл институт азаматтардың білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын қамтамасыз ету үшін құрылған. Заң тәжірибесін цифрландырудың салдарын терең түсіну қажет.

Адвокаттық қызметті цифрландырудың маңызды қадамдарының бірі мамандандырылған автоматтандырылған жүйелерді құру болып табылады, жүйенің көмегімен қылмыстық іс жүргізуде адвокаттар тағайындалады. Бұл жағдайда ұсталған адамды цифрлық базаға тіркеу электронды кабинеттері мен электронды кілттері бар адвокаттарға ұстауды тіркейтін құқық қорғау органдары жүйесіне кіруге, электронды құқықтық сұраныстарды сұратуға, беруге мүмкіндік береді және ұсталған адамның қай жерде отырғандығы туралы нақты ақпаратты ала алады, ұсталған адамға құқықтық қолдау көрсету мәселелеріне уақтылы әрекет етуге жағдай жасайды. Сондай-ақ, мұндай цифрлық жүйелер құжаттарды электронды түрде беруді жүзеге асыруға, істің қаралу барысы туралы ақпаратты интернет желісі арқылы қадағалауға, сот шешімдерімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл ақпараттық ресурстар адвокатура институтына да, тұтастай алғанда сот жүйесіне де оң әсерін тигізеді. Жүйе сонымен қатар заңгерлер қауымының жұмыс ортасының прототипі ретінде қызмет ететін адвокаттар үшін жеке шоттарды құруды қамтиды. Осы ретте электрондық қылмыстық іс жүргізу жүйесі адвокаттың қылмыстық іске уақтылы қосылуын қамтамасыз еткенімен, жүйелік тәуелділік пен техникалық шектеулер адвокаттың кәсіби қызметінің үздіксіздігіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан адвокаттың цифрлық ортадағы кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқық қорғау қызметінің маңызды бөлшегі болып табылады.

Бүгін де барлық қорғаушы адвокаттардың жеке веб-сайттары бар, азаматтардың құқықтарын қорғауға қатысты өзекті мәселелер бойынша вебинарлар өткізіп, онлайн немесе офлайн заңгерлік көмек қызметтерін көрсетуде. Интернет адвокаттың жеке брендин қалыптастыру, олардың танылуын арттыру және аудиторияның адалдығын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Адвокаттар әлеуетті клиенттермен және әріптестермен өзара әрекеттесу үшін Facebook, Instagram және YouTube сияқты ресурстарды белсенді пайдаланады. Біздің ойымызша, адвокатураны цифрландыру заңгерлер арасында цифрлық құзыреттілікті дамыту бағдарламасын қамтуы тиіс және адвокаттық қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге талдау жүргізу қажет. Сонымен қатар адвокаттардың цифрлық кеңістіктегі белсенділігі олардың кәсіби имиджін қалыптастырумен қатар, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға қатысты қосымша жауапкершілік жүктейді. Бұл жағдай адвокаттық қызметте цифрлық этика мен ақпаратты қорғау стандарттарын енгізу қажеттілігін айқындайды.

Веб-сайтта адвокаттар мен заңды бірлестіктер туралы ресми ақпаратты жан-жақты мәліметтер базасы ретінде ұсыну алаяқтық қылмыстардың санын азайтады. Алдағы уақытта республикалық адвокаттар алқасының бірыңғай порталында біліктілік комиссияларының істері туралы мәліметтерді ашық көрсету, адвокаттар алқасының серверінде сақталатын тәртіптік істер бойынша шешімдердің бірыңғай орталықтандырылған үлгісін жасау, тәртіптік істердің құпиялылығын және адвокаттар алқасының уәкілетті қызметкерлері үшін қолжетімділіктің ыңғайлылығын қамтамасыз ететін бірыңғай деректер базасын құру міндеті тұр.

Адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде әрбір адвокаттың міндеті іске қатысты алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға таратпау болып табылады. Адвокатураны цифрландыру процесінде адвокаттық құпия институтына теріс әсер етеді. Бұл соңғы уақытта компьютерлік қылмыстар кеңінен таралғандығымен түсіндіріледі. Адвокаттық құпия болып табылатын ақпарат үшінші тұлғаларға бірнеше жолмен қол жетімді болуы мүмкін.

Бірінші әдіс – адвокаттың еріксіз әрекеті. Мысалы, электрондық пошта мекенжайында қате жіберу арқылы адвокат адвокаттың құпиясын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаға жібере алады.

Екінші әдіс – қасақана, әртүрлі кибершабуылдар. Бұл әдістің мысалы ретінде адвокаттың құпиясы болып табылатын белгілі бір мәліметтерді алу үшін үшінші тұлғалар адвокаттың электрондық поштасын бұзған жағдайлар бола алады. Сондай-ақ адвокаттарды компьютерлік қылмыстың жаңа әдістері туралы үнемі хабардар етіп отырған жөн болар еді. Бұл заңгерлерге мұндай қылмыстардың орын алуының алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешудің тағы бір жолы – адвокаттық қызмет пен заңгерлік қызметте ақпараттық технологияларды дамытуға байланысты түрлі мәселелер бойынша түрлі курстар мен консультациялар өткізу болып табылады.

Жалпы, адвокаттардың өкілеттіктерін кеңейту олардың азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы қызметіне жауапкершілігін де арттырады. Қазіргі уақытта адвокаттардың құқықтары мен міндеттері заң жүзінде бекітілгенімен, олардың, сапасыз орындалған жұмысы үшін жауапкершілігі реттелмеген. Өйткені, әрбір қылмыстық іс белгілі бір тұлғаға қатысты, ал оның тағдыры адвокаттың адалдығына, адалдығына, біліміне байланысты.

Қылмыстық істер цифрлық қоғамда жаңа түсуде, бұл адвокаттарға жаңашылдыққа бет бұруды, цифрлық технологияларды меңгеруді, терең білімді талап етеді. Осыған байланысты адвокаттық мамандандыруды енгізу ең орынды тәсіл болып табылады.

Адвокаттық қызметті цифрландыруды талдай отырып, цифрлық жүйенің артықшылықтарын бөліп қарастыруға болады:

1. Адвокаттардың жүктемесін төмендету.
2. Адвокаттық сауал жолдаудың, сот құжаттарын берудің жеңілдетілген рәсімдері.
3. Адвокат үшін де, сенім білдіруші үшін де қаржылық шығындарды азайту (онлайн-кеңес беру және т.б. жағдайларда).

Әзірбайжандық ғалым А. Алиев адвокаттық қызметті цифрландыру мәселесін мазмұнды талқылау үшін қызметтің жекелеген бағыттарын тандап, олармен цифрлық трансформациялау процесін бастау қажет екендігін алға тартады. Ақпараттық технологияларды адвокаттық қызметке енгізудің үш деңгейін бөліп көрсетеді:

1. Заң қызметін автоматтандыру – білікті заң көмегін көрсету процестерін автоматтандыру бойынша ақпараттық технологияларды, оның ішінде ақпараттық (іздігі) құқықтық жүйелерді, құқықтық боттарды, сот тәжірибесін талдау жүйелерін, сот шешімдерін, сондай-ақ құқықтық құжаттаманы қалыптастыру жүйесін дамыту. Бұл қызметтердің мақсатты аудиториясы кәсіби заңгерлер немесе адвокаттар болып табылады.

2. Заңды тұлғалардың қызметін цифрландыру, атап айтқанда нақты құқықтық құрылымдар шеңберіндегі өзара іс-қимылдар – заңды бірлестіктер мен бюролардың басқару функцияларын орындау кезінде қызметін ұйымдастыратын процестерді қолдау үшін телекоммуникациялық инфрақұрылымды және ақпараттық (цифрлық) ортаны құру және дамыту [15, 223 б.].

Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы, басқалармен қатар, барлық құжаттарды электронды (цифрлық) түрге ауыстырумен қатар жүреді. Ақпарат тек сақталып қана қоймайды, сонымен қатар цифрлық технологиялар мен электронды құрылғылардың көмегімен беріледі.

Адвокатура және адвокаттық қызмет саласына цифрлық технологияларды енгізу мынадай проблемалар туындауы мүмкін екенін атап өту маңызды:

А) Адвокаттық құпияның сақталуын қамтамасыз ету. Әрбір адвокаттың адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезіндегі міндеті клиент заң көмегін көрсету барысында жария етуі мүмкін құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады [16, 51 б.].

Адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтер көбінесе шифрланбаған түрде берілуі мүмкін және нәтижесінде кездейсоқ немесе қасақана үшінші тұлғаларға қол жетімді болады. Мәселен, мысалы, адвокат электрондық поштаны басқа мекен-жайға қате жіберуі мүмкін. Адвокаттың өз кәсіби қызметінде заманауи технологияларды қолдануы жаңа кәсіби мүмкіндіктер беріп қана қоймай, адвокаттың кәсіби құпиясын бұзудың жаңа қауіптерін тудырады. Бұл ретте адвокаттық құпияны сақтау – адвокаттың этикалық ережелермен ғана емес, сонымен қатар «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 ж. 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабында тікелей бекітілген басты міндеттерінің бірі екенін есте ұстаған жөн [17].

Осыған байланысты адвокаттың кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі ретінде ақпаратты шифрлау, қорғалған байланыс арналарын пайдалану және киберқауіпсіздік стандарттарын енгізу қажеттілігі туындайды. Бұл шаралар адвокаттың кәсіби қызметінің үздіксіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Цифрлық технологияларды дамыту адвокаттың сенім білдірушімен қарым-қатынас жасау нысандарының, сондай-ақ адвокат алатын және адвокаттық құпияның мәні болып табылатын адвокаттық дерекнаманы және өзге де ақпаратты сақтау тәртібі мен шарттарының елеулі өзгерістеріне алып келеді. Шетелдік тәжірибеге жүгінсек, америкалық заңгерлер қауымдастығы адвокаттың адвокаттық құпияның нысанасы болып табылатын ақпаратты қасақана немесе рұқсатсыз жариялау немесе таратуды болдырмауға бағытталған шаралар қолдануға міндетті екенін белгілейтін модельдік ереже әзірлейді [18].

Модельдік ережеге түсініктеме бере отырып, американдық адвокаттар қауымдастығы адвокаттың мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптарды жіктейді және келесідей негізгі факторларды көрсетеді:

- ◆ ақпараттың клиент үшін құндылығы мен маңыздылығы;
- ◆ ақпаратты қорғаудың қосымша шараларын қолданбай ақпаратты ашу ықтималдығы;
- ◆ қосымша құпиялылық кепілдіктерін енгізудің күрделілігі;
- ◆ мұндай кепілдіктер адвокаттың сауатты заң көмегін көрсету мүмкіндігіне қаншалықты кері әсер ететіндігінде [19].

Б) Цифрлық жүйедегі адвокатураның өзекті бағыттарының бірі – адвокат ордері болып табылады. Адвокат ордері – адвокатқа заң кеңсесі беретін, онда адвокаттың ордерде көрсетілген мерзімде нақты іс бойынша нақты іс бойынша белгілі бір кезеңде заңгерлік қызмет көрсетуі туралы бұйрығы бар және адвокаттың қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істерге қатысуына негіз болатын мемлекеттік құжат.

Қылмыстық істер бойынша адвокат процеске кіріп, қызмет көрсетуге жіберілуі үшін адвокаттың ордері негізгі формальды себеп болып саналады. Адвокаттық куәлік пен ордер ұсынылғаннан кейін қылмыстық адвокат іске кіріседі және барлық процессуалдық құқықтарды пайдаланады:

- ◆ адвокат (күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қызмет көрсету кезінде);
- ◆ өкіл (жәбірленушіге, азаматтық талап қоюшыға, жауапкерге көмек көрсету кезінде);
- ◆ куә ретінде.

Адам өзінің адвокаттық құқығын қорғау үшін өзі сайлады ма, әлде маман оған мемлекеттік бюджет есебінен тағайындалды ма, маңызды емес – бір жағдайда да, екінші жағдайда да Адвокат ордер көрсетілгеннен кейін іске жіберіледі.

Ең алдымен, бір жағынан, соттың тағайындауы бойынша заң көмегін көрсету туралы істер бойынша адвокаттың электрондық ордерінің болуы, яғни жеке және заңды тұлғалармен келісім бойынша заң көмегін көрсету кезінде адвокат ордерінің нысаны мен мазмұнына ең көп шағымдар қойылады, өйткені ол дәстүрлі қағаз форматында қолданылады.

Электрондық ордер анықтау, тергеу және сот органдары арасындағы қарым-қатынастың әмбебап реттеушісі, тағайындалған адвокаттың адалдығы мен адалдығының өлшемі. Істі электронды түрде тағайындау жүйесі білікті заң көмегін көрсетуде адвокаттардың құқықтарын және клиенттердің мүдделерін қорғаудағы үлкен қадам болып табылады. Әрине, электронды жүйе де жетілдірілуі тиіс. Жүйеде адвокаттың кері байланысын, өзі туралы ақпарат беру міндетін, жұмыспен қамту күндерін, төленуге тиісті сомаларды, адвокат алған сомаларды және басқа да қажетті параметрлерді ескеру қажет.

Қазіргі уақытта адвокаттардың өкілеттіктерін тексерудің объективті жүйесі жоқ. Ордер адвокаттың өкілеттігін немесе клиентпен заңгерлік көмек көрсету туралы келісімнің бар екендігін білдірмейді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде адвокаттың ордері сот үшін адвокаттың өкілеттілігін растайтын құжат болып табылады. Ал, азаматтық сот ісін жүргізуде адвокаттың ордері олардың өкілеттіктерін растайтын құжат болып танылмайды.

Заңнамада бүгінгі күнге дейін «адвокат ордері» ұғымының бірізді анықтамасы жоқ. Біздің түсінігімізде адвокат ордері дегеніміз жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға және қорғауға жәрдемдесу мақсатында

заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша тапсырманы орындау үшін заңда қатаң белгіленген жағдайларда заңгерлік практикамен берілетін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысандағы ресми құжат.

Адвокатура саласын цифрландырудың жетістіктері мен қатар әлі де зерттеуді, практикада шешуді талап ететін бірқатар кері ықпалды тұстары да бар. Жалпы, Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен адвокатурасының цифрлануы 2020 жылғы пандемия кезеңінен бастау алады. Қажеттілік жағдайында Zoom платформасы арқылы қашықтықтан сот отырыстары өткізіліп бастады. Сот жүйесінің цифрлануымен сотталушылар мен сотталғандарды, сондай-ақ іске қатысатын басқа да адамдарды сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында олардың қауіпсіздігін сақтаудың (конвоирование) қажеттілігі жойылды. 2024 ж. Жоғарғы Сотта сот төрелігін іске асыру қорытындысы бойынша судьялар корпусының кеңейтілген кеңесінде мәлімделгендей, елімізде соттарға келіп түскен азаматтық істер мен материалдардың 2023 ж. 915 мыңнан 2024 ж. 1,2 млн-ға дейін өсуі байқалды. Апелляцияға тек 1,5%, ал кассацияға жергілікті соттардың барлық шешімдерінің 0,1% түзетілген. Қылмыстық істердің саны 5,9%-ға, ал АППК шеңберіндегі талап-арыздар 5%-ға өскен [20].

Еліміздегі республикалық адвокаттар палатасы халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, адвокаттар мен клиенттер арасындағы байланыс кезінде мобильді құрылғыларды пайдалану ережелерін, цифрлық технологияларды дамыту аясын әлі де кеңейтуі тиіс деп санаймыз.

Адвокаттардың электрондық құрылғыларды (ұялы телефондарды, планшеттерді, ноутбуктерді) пайдалануына байланысты бірқатар шаралар әзірленуге тиіс, оларды сақтау цифрландыру дәуірінде құпия ақпаратты қорғауға мүмкіндік береді. Мұндай шараларға мыналарды жатқызуға болады:

1) адвокаттар қолданатын ұтқыр және өзге де электрондық құрылғылардағы, оның ішінде жеке парольдерді пайдалану. Мысалы, кез келген электрондық құрылғыны оны пайдаланбаудың белгілі бір уақыт аралығында автоматты бұғаттауды орнату ұсынылады;

2) сенім білдірушіден алынған ақпаратты адвокаттық білім серверінде шифрланған түрде сақтау; мұндай ақпаратты жеке немесе жеткіліксіз қорғалған құрылғылардан уақтылы алып тастау;

3) интернет желісі арқылы сенім білдірушімен жалпы ереже бойынша тек шифрланған түрде, әсіресе электрондық поштаны пайдалану кезінде ақпарат алмасу (алу және жіберу).

Ұлттық заңнамада адвокаттың қорғаушыға уақтылы қол жеткізуі және адвокаттың онымен байланысының құпиялылығы, олардың заңнамалық кепілдіктері қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұдан басқа, адвокаттың өзі интернет желісі арқылы алынатын және берілетін кез келген ақпаратты, оның ішінде хат алмасуды, құжаттарды және адвокаттық құпия мәнін құрайтын кез келген басқа ақпаратты барынша қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық өзге де ақылға қонымды шараларды қабылдауға міндетті екенін ескеру қажет.

Сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялардың даму қарқынын ескере отырып, адвокаттар ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы технологиялық мүмкіндіктерден хабардар болуы қажет, бұл тек құқықтану саласында ғана емес, цифрлық технологиялар саласында да үздіксіз оқытуды және біліктілікті арттыруды талап етеді.

Жалпы алғанда, цифрландыру жағдайында қылмыстық процестегі адвокаттық қызметтің кәсіби қауіпсіздігі оны құқықтық және техникалық тұрғыдан кешенді қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл адвокаттың тәуелсіз қызметін сақтаудың және қылмыстық сот ісін жүргізуде әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындылай келе, цифрландыру адвокаттың кәсіби қызметіне елеулі әсер ететінін атап өткен жөн. Бұл әсер ең алдымен адвокаттың кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен тығыз байланысты. Цифрлық технологияларды қолдану адвокаттық қызметтің тиімділігін арттырғанымен, ақпараттық тәуекелдердің артуы және адвокаттық құпияның қорғалу деңгейіне қойылатын талаптардың күшеюі жаңа құқықтық тетіктерді қажет етеді. Бұл ақпараттың қолжетімділігіне оң өзгерістер енгізеді, жұмыстың тиімділігін арттырады және сенім білдірушілермен байланысты жақсартады.

Құқықтық саланың технологиялық жаңаруы адвокаттың дәстүрлі функцияларын сақтай отырып, оларды жаңа цифрлық құралдармен толықтыруды міндеттей береді.

Цифрлық технологиялар – электрондық құжат айналымы, онлайн сот процестері, автоматтандырылған құқықтық талдау жүйелері, big data және жасанды интеллект – адвокаттың жұмыс тиімділігін арттыруға, құқықтық қызмет көрсету сапасын жақсартуға және құқыққа қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар цифрландыру жаңа қауіптерді де қалыптастырады, оның ішінде адвокаттық құпияның бұзылу тәуекелі, дербес деректердің қорғалмауы, киберқауіпсіздік мәселелері және адвокаттың кәсіби жауапкершілігінің күрделенуі бар. Осыған байланысты адвокаттық қызметті реттейтін заңнаманы жетілдіру, электрондық ордер жүйесін дамыту, ақпараттық қауіпсіздік стандарттарын енгізу және адвокаттардың цифрлық құзыреттілігін арттыру қажеттілігі туындайды.

Осы ретте, авторлар тарапынан адвокаттармен жасалған келісімге және оның қолданылу мерзіміне сәйкес адвокаттар ордерлерінің пайдаланылуына бақылау орнату және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңның 33-бабына адвокаттық сауалды электронды түрде беру мүмкіндігіне қатысты түзетулер енгізілуі қажет деп санайды.

Осыған байланысты цифрлық ортада адвокаттың кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек ішкі корпоративтік ережелермен шектелмей, сонымен қатар ұлттық заңнаманы жетілдіруді, ақпараттық қауіпсіздік стандарттарын енгізуді және адвокаттардың цифрлық құзыреттілігін жүйелі түрде арттыруды талап етеді.

Зерттеу нәтижелері адвокатураны цифрландыру тек техникалық процесс емес, сонымен қатар құқықтық және этикалық реттеуді талап ететін кешенді құбылыс екенін дәлелдейді.

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, ұсынылған шаралар адвокаттық қызметтің сапасын арттыруға, құқықтық көмектің тиімділігін күшейтуге және азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа цифрлық тетіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Жаңа Қазақстан – жаңа адвокатура» 2022–2025 жылдарға арналған қазақстандық адвокатураның даму тұжырымдамасы. URL: <https://advokatura.kz/dokumenty/koncepcia-razvitia-advokatury> (өтініш берілген күн: 15.03.2026)

2 Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (өтініш берілген күн: 15.03.2026)

3 Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ Жасанды интеллект туралы Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230> (өтініш берілген күн: 15.03.2026)

4 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1 (өтініш берілген күн: 15.03.2026)

5 United Nations: E-Government Development Index 2024. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/e-government-development-index> (accessed: 20.03.2026)

6 Мерғалиев А. Цифровая трансформация судебной системы: интервью председателя Верховного суда РК от 10 сентября 2025 года // Казахстанская правда. URL: <https://kazpravda.kz/n/tsifrovaya-transformatsiya-sudebnoy-sistemy/> (дата обращения: 20.03.2026)

7 Қазақстан жасанды интеллектіні енгізуге дайындық бойынша Орталық Азия елдері арасында көш бастап тұр. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/press/news/details/1131135?lang=kk> (өтініш берілген күн: 20.03.2026)

8 Казахстан вошел в топ-10 мира по цифровым госуслугам. URL: <https://24.kz/ru/news/social/752173-kazakhstan-voshjol-v-top-10-mira-po-tsifrovym-gosuslugam> (дата обращения: 20.03.2026)

9 Адвокаттық қызметте жасанды интеллектті пайдалану мәселелері бойынша республикалық адвокаттар алқасының ұстанымы, Республикалық адвокаттар алқасы, 2025 жылғы 15 қыркүйек. URL: <https://advokatura.kz/pozicii/pozicia-respublikanskoy-kollegii-advokatov-po-voprosam-ispol-zovaniya-iskusstvennogo-intellekta-v-advokatskoj-deatel-nosti> (өтініш берілген күн: 20.03.2026)

10 Dennis J., Hall N. Innovation and adaptation in advocacy organizations throughout the digital eras // Journal of Information Technology & Politics. 2020. Vol. 17. No. 2. P. 79–86.

- 11 Balogun J.A. Advocacy for research evidence in academic public policy development // African Journal of Reproductive Health. 2019. Vol. 23. No. 3. P. 9–18.
- 12 Caserta S. Digitalization of the legal field and the future of large law firms // Laws. 2020. Vol. 9. No. 2. Article 14. DOI: 10.3390/laws9020014.
- 13 McLean M.J., Madden S., Pressgrove G. Complexity theory as a new lens for digital social advocacy // Public Relations Review. September 2021. Vol. 47. Issue 3. 102056. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0363811121000485>
- 14 Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамыздағы Конституциясы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (өтініш берілген күн: 20.03.2026)
- 15 Aliyev A.J. Legal Principles of the Advocacy Activities in Azerbaijan and in the post-Soviet States: The Role of Digitalization and Technological Aspects // Futurity Economics&Law. 2023. Vol. 3. No. 4. P. 223–238.
- 16 Соловьёва Ю.И. Проблема обеспечения сохранения адвокатской тайны в условиях цифровизации // Евразийская адвокатура. – 2019. – № 6. – С. 51–55.
- 17 Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176> (өтініш берілген күн: 20.03.2026)
- 18 ABA Comm’n on Ethics 20/20, Revised Draft Resolutions for Comment Technology and Confidentiality, Feb. 21, 2012. URL: https://www.americanbar.org/groups/professional_responsibility/committees_commissions/aba-commission-on--ethics-20-20/ (accessed: 20.03.2026)
- 19 Standards for Safeguarding Customer Information, 16 C.F.R. section 314. 2012; OCR HIPAA Security and Privacy Rules, 45 C.F.R. section 164. 2012.
- 20 Верховный суд: суды республики обеспечили высокое качество отправления правосудия по итогам 2024 года. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38377788&pos=5;-116#pos=5;-116 (дата обращения: 20.03.2026)

REFERENCES

- 1 «Jaña Qazaqstan – jaña advokatura» 2022–2025 jyldarğa arnalğan qazaqstandyq advokaturanyñ damu tüjyrymdamasy. URL: <https://advokatura.kz/dokumenty/koncepcia-razvitia-advokatury> (ötinis berilgen kün: 15.03.2026) (In Kazakh)
- 2 Jasandy intellekti damytudyñ 2024–2029 jyldarğa arnalğan tüjyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2024 jylğy 24 şildegegi № 592 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (ötinis berilgen kün: 15.03.2026) (In Kazakh)
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylğy 17 qarashadağy № 230-VIII QRZ Jasandy intellekt turaly Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230> (ötinis berilgen kün: 15.03.2026) (In Kazakh)
- 4 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqayevtyñ 2025 jylğy 8 qyrküiektegi «Jasandy intellekt дәуіріндегі Qazaqstan: özekti мәseleler jäne ony tübegeili sıfrlyq özgerister arqyly şeşu» atty Qazaqstan halqyna Joldaıy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1 (ötinis berilgen kün: 15.03.2026) (In Kazakh)
- 5 United Nations: E-Government Development Index 2024. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/e-government-development-index> (accessed: 20.03.2026) (In English)
- 6 Aslambek Mergaliev. (2025) Cifrovaya transformaciya sudebnoj sistemy: interv’ju predsdatelja Verhovnogo suda RK ot 10 sentjabrja 2025 goda // Kazhastanskaja pravda. URL: <https://kazpravda.kz/n/tisifrovaya-transformatsiya-sudebnoj-sistemy/> (data obrashhenija: 20.03.2026) (In Russian)
- 7 Qazaqstan jasandy intellektını engizuge daiyndyq boıynşa Ortalyq Azia elderi arasynda köş bastap tür. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/press/news/details/1131135?lang=kk> (ötinis berilgen kün: 20.03.2026) (In Kazakh)
- 8 Kazakhstan voshel v top-10 mira po cifrovym gosuslugam. URL: <https://24.kz/ru/news/social/752173-kazakhstan-voshjol-v-top-10-mira-po-tsifrovym-gosuslugam> (data obrashhenija: 20.03.2026) (In Russian)
- 9 Advokattyq qyzmette jasandy intellekti paidalanu мәseleleri boıynşa respublikalyq advokattar alqasynyñ üstanymy, Respublikalyq advokattar alqasy, 2025 jylğy 15 qyrküiek. URL: <https://advokatura.kz/pozicii/pozicia-respublikanskoy-kollegii-advokatov-po-voprosam-ispol-zovania-iskusstvennogo-intellekta-v-advokatskoj-deatel-nosti> (ötinis berilgen kün: 20.03.2026) (In Kazakh)
- 10 Dennis J., Hall N. (2020) Innovation and adaptation in advocacy organizations throughout the digital eras // Journal of Information Technology & Politics. Vol. 17. No. 2. P. 79–86. (In English)
- 11 Balogun J.A. (2019) Advocacy for research evidence in academic public policy development // African Journal of Reproductive Health. Vol. 23. No. 3. P. 9–18. (In English)
- 12 Caserta S. (2020) Digitalization of the legal field and the future of large law firms // Laws. Vol. 9. No. 2. Article 14. DOI: 10.3390/laws9020014. (In English)

13 McLean M.J., Madden S., Pressgrove G. (2021) Complexity theory as a new lens for digital social advocacy // Public Relations Review. Vol. 47. Issue 3. 102056. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0363811121000485> (In English)

14 Qazaqstan Respublikasynyñ 1995 jyly 30 tamyzdağy Konstitusiasy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (ötiniş berilgen kün: 20.03.2026) (In Kazakh)

15 Aliyev A.J. (2023) Legal Principles of the Advocacy Activities in Azerbaijan and in the post-Soviet States: The Role of Digitalization and Technological Aspects // Futurity Economics&Law. Vol. 3. No. 4. P. 223–238. (In English)

16 Solov'jova Ju.I. (2019) Problema obespechenija sohraneniya advokatskoj tajny v uslovijah cifrovizacii // Evrazijskaja advokatura. No. 6. P. 51–55. (In Russian)

17 Qazaqstan Respublikasynyñ «Advokattyq qyzmet jäne zañ kömegi turaly» 2018 jylğy 5 şildedeğy № 176-VI QRZ Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176> (ötiniş berilgen kün: 20.03.2026) (In Kazakh)

18 ABA Comm'n on Ethics 20/20, Revised Draft Resolutions for Comment Technology and Confidentiality, Feb. 21, 2012. URL: https://www.americanbar.org/groups/professional_responsibility/committees_commissions/aba-commission-on--ethics-20-20/ (accessed: 20.03.2026) (In English)

19 Standards for Safeguarding Customer Information, 16 C.F.R. section 314. 2012; OCR HIPAA Security and Privacy Rules, 45 C.F.R. section 164. 2012. (In English)

20 Verhovnyj sud: sudy respubliki obespechili vysokoe kachestvo otpravleniya pravosudija po itogam 2024 goda. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38377788&pos=5;-116#pos=5;-116 (data obrashheniya: 20.03.2026) (In Russian)

ИЗТУРҒАНОВА Г.Қ.,*¹

докторант.

*e-mail: 24250993@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-0170-5079

АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,¹

к.ю.н., доцент,

профессор-исследователь.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ТОЙЛЫБЕКОВА Э.О.,²

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

КАСЫМБЕК А.О.,³

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: aliyakas@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7169-874X

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет

им. Қорқыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

³Международный казахско-турецкий

университет им. Х.А. Ясави,

г. Туркестан, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ АДВОКАТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Аннотация

В условиях цифровизации уголовного судопроизводства обеспечение профессиональной безопасности стороны защиты становится одной из актуальных проблем современной юридической науки. Ведение

уголовного процесса в электронном формате ускорило осуществление адвокатской деятельности, однако одновременно подвергло адвокатов новым видам профессиональных рисков и киберугроз. Цель исследования – выявить правовые и организационные механизмы обеспечения профессиональной безопасности адвокатской деятельности при использовании информационной системы «Е-Заң көмегі» и в процессе электронного взаимодействия с органами уголовного преследования. Авторы содержательно рассматривают вопросы сохранения адвокатской тайны на стадиях досудебного расследования и судебного разбирательства, защиты персональных данных подозреваемых и обвиняемых, а также обеспечения информационной безопасности при работе с электронными доказательствами. В этой части обосновывается необходимость формирования стандартов безопасности цифрового взаимодействия между участвующими в уголовном процессе правоохранительными органами и адвокатурой. В ходе исследования доказана важность совершенствования системы электронных ордеров по уголовным делам, повышения безопасности обработки адвокатских запросов в цифровом формате, а также развития киберграмотности и цифровых навыков защитников. Значимость исследования определяется предложениями, направленными на устранение юридических противоречий, возникающих при использовании электронных средств в уголовном процессе, а также на предотвращение внешнего вмешательства в профессиональную деятельность адвоката. По результатам исследования предлагается разработка единых методических рекомендаций по безопасному использованию электронных средств адвокатами, утверждение технических мер защиты конфиденциальности между адвокатом и лицом, находящимся под его защитой, а также усиление контроля за использованием электронных ордеров.

Ключевые слова: цифровизация адвокатской деятельности, информатизация адвокатской деятельности, систематизация адвокатской деятельности, ускорение адвокатской деятельности, киберграмотность адвокатов, соблюдение адвокатской тайны.

IZTURGANOVA G.K.,*¹

PhD student.

*e-mail: 24250993@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-0170-5079

ALDABERGENOVA N.A.,¹

c.l.s., associate professor,
research professor.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

TOILYBEKOVA E.O.,²

PhD, associate professor.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

KASSYMBEK A.O.,³

PhD, associate professor.

e-mail: aliyakas@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7169-874X

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Korkyt Ata Kyzylorda University,

Kyzylorda, Kazakhstan

³Akhmet Yasawi University,

Turkestan, Kazakhstan

THE PROBLEMS OF ENSURING THE PROFESSIONAL SAFETY OF ADVOCACY IN CRIMINAL PROCEEDINGS IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION

Abstract

In the context of the digitalization of criminal proceedings, ensuring the professional security of the defense has become an important issue in contemporary legal scholarship. While the transition to electronic criminal procedure has enhanced the efficiency of legal practice, it has also exposed defense attorneys to new professional risks and cybersecurity threats. This study aims to identify legal and organizational mechanisms for ensuring the professional security of lawyers when using the “E-Zan Komegi” information system and engaging in electronic interaction with criminal justice authorities. Particular attention is paid to the protection of attorney-client privilege during pre-trial

investigation and court proceedings, the safeguarding of personal data of suspects and defendants, and information security in handling electronic evidence. The article substantiates the need to develop security standards for digital interaction between law enforcement agencies and the legal profession. The findings demonstrate the importance of improving the electronic warrant system in criminal cases, enhancing the security of digital attorney requests, and strengthening lawyers' cyber literacy and digital competencies. The study proposes the development of unified guidelines for the secure use of digital technologies by lawyers, the introduction of technical measures to protect confidential lawyer-client communications, and stronger oversight of electronic warrant procedures.

Keywords: digitalization of lawyer's activity, informatization of lawyer's activity, systematization of lawyer's activity, acceleration of lawyer's activity, cyber literacy of lawyers, observance of lawyer's secrecy.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.04.2025